

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 9 тамыздағы № 300 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 69-баптары, Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңының 37-бабына және бекітілген жер участекерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларына сәйкес, Кентау қаласы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Кентау қаласы, Тәуелсіздік көшесі бойынан "ГРК Металлинвест" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан салынып жатқан "Барит кен байыту фабрикасына" баратын төменде көрсетілген жер участекеріне қауымдық сервитут белгіленсін:

- 1) "Көріз жүйесін жүргізу үшін" алаңы 0,7300 га (7300 шаршы метр) жер участекесі;
- 2) "Электр желілерін жүргізу үшін" алаңы 147,6 га (1476000,0 шаршы метр) жер участекесі.

2. "Кентау қаласының әкімдігінің "Кентау қалалық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Көкеновке жүктелсін.

Қала әкімі

Ж. Тасов